



Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 29/6-III шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 28 сәуірде N 324 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 219/25-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 12.12.2017 № 219/25-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексінің 386-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 18.03.2015 № 345/48-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары" бекітілсін.

2. Осы шешім "Астана хабары" және "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы
Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Астана қаласы мәслихатының
2004 жылғы 30 наурыздағы
29/6-III шешімімен бекітілді

Астана қаласындағы жасыл желектерді күтіп-баптау және қорғау Ережелері

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "өтемдік көгалдандыру", "өтемдік көгалдандыруға" деген сөздер тиісінше "өтемдік отырғызу", "өтемдік отырғызуға"

" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар үшін Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 18.03.2015 № 345/48-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелердің мақсаты үшін, мына негізгі ұғымдар тағайындалады:

1) жасыл желектер - шығу тегі табиғи және жасанды, азаматтық заңға сәйкес қозғалмайтын мүлікке жататын және қала меншігі болып табылатын сүректі-бұта және шөптесін өсімдіктер;

2) көгалдандырылған аймақтар - табиғи жолмен өніп шыққан өсімдіктер орын тепкен, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері және объектілер, бақтар, гүл бақтары, гүлбақшалар орналасқан жерлер, мекен-жайлар, қоғамдық, іскерлік, коммуналдық, өндірістік жерлерге арналған құрылысы шағын аймақтар;

3) жасыл алап - біртектілікті құрайтын 50 данадан кем саналмайтын, ірі ағаштардан тұратын жасыл желектермен қамтылған жерлер. Ірі ағаштар, 15 жастан жоғары немесе жасыл желектерді қорғау жөніндегі арнайы өкілетті органның тұжырымдамасы бойынша қайта отырғызуға жатпайды;

4) жасыл желектерді қорғау - жасыл желектерді, көгалдандырылған аймақтарды жасыл алаптарды жасауға, сақтауға және қайта өндіруге бағытталған, құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

5) көгалдандырылған жалпы пайдалану аймағы - қала тұрғындарының демалысы үшін арналған аймақ (қалалық ормандар, орман-бақтар, саяжайлар, саябақтар);

6) көгалдандырылған шектеулі пайдалану аймағы - тұрғын-жай құрылысы, емдік, балаларға арналған, оқу және ғылыми мекемелер, өндірістік кәсіпорындар, спорттық кешендер аймағы;

7) көгалдандырылған арнайы аймақ - көгалдандырылған санитарлық-қорғаныс, су қорғау, мелиоративтік-қорғаныс, өрттен сақтану белдеуі, зираттар, автокөлік және темір жол бойындағы екпелер, ботаникалық, зоологиялық, жеміс бақтары, тәлімбақтар, гүлдік-оранжерялық шаруашылық аймақтары;

7-1) Астана қаласының жасыл белдеуі – арнайы маңызы бар, қаланың аумағын қоршаған және қорғау, санитарлық-гигиеналық, мәдени-сауықтыру, оңалту және туристік қызметтерді орындайтын көгалдандырылған аумақ;

8) санитарлық-қорғаныш аймағы – арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ елді мекендегі өнеркәсіптік ұйымдар мен басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін қолайсыз факторлардың әсер етуін азайту мақсатында жақын маңдағы селитебті аумақтардан, тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілерден бөліп тұратын аумақ;

9) жасыл желектердің зақымдануы - ағаштың ұшар басына, діңіне, сүректі-бұта өсімдіктерінің бұтақтарына, олардың тамыр жүйесіне, өсу процесінің тоқтауына, шөптесін өсімдіктердің тамыр жүйесіне және жер бетіндегі бөлігінің зақымдануына зиянды әсерін тигізеді. Бұтақтардың, тамыр жүйесінің, қабық тұтастығының бұзылуы, топырақтың тіршілік қабаты тұтастығының бұзылуы, жасыл желектердің ластануы, не тамыр аумағындағы топырақтың зиянды заттармен ластануы, өртеу және басқа да зиянды әсерлерден зақымдануы - механикалық зақымдану болып табылады;

10) жасыл желектерді жою - жасыл желектердің өсу процесінің тоқтауына әкеліп соғатын зақымдану;

11) өтемдік отырғызу - жойылған немесе зақымданған жасыл желектердің қайта өндірісі;

12) өтемдік (кепілдік) отырғызу жоспары – рұқсат етілген санитарлық кесуге, мәжбүрлі кесуге немесе рұқсат етілмей кесуге ұшыраған, оның ішіне сандық бөлігі, тұқымдық құрамы, көлемі, отырғызудың күнтізбелік мерзімі, сонымен қатар жобалық негізге байланған отырғызғылардың орналасуының кескіндік сызбасы кіретін жасыл желектердің көлемін бірдей өтейтін ағаштарды отырғызу жоспары;

13) есеп жүргізу объектісі - тағайындалған шегі бар және жауапты иеленушілер - мекемелерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға немесе жеке тұлғалардың меншігіне немесе жалға берілген жер телімдері;

14) дендрологиялық жоспар (бұдан әрі - дендрожоспар) - 1:500 масштабтағы сақталатын сүректі-бұта өсімдіктерінің ашық гүлзарлар учаскелері, алаңқайлар, аяқ жолдар, сутоғандар, сонымен қатар пейзаждар және көріністерді қиюластырып тұрғызу және орналастыру көрсетілген сызба болып табылады;

15) бас құрылыс жоспары - құрылыс мекемесінің бас жоспары;

16) қайта санау тізімдемесі - жасыл желектердің жай-күйінің жалпы сипаттамасын беретін ағаштар және бұталар туралы тізімдеме;

17) Астана қаласындағы жасыл желектердің тізілімі - Астана қаласы аумағындағы жасыл желектердің саны, реңдік құрамы, түрі туралы мәліметтер жиыны;

18) қорғау куәлігі - көгалдандырылған аймақтарды иеленушілерге (жалға алушыларға) жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті органмен есеп жүргізу объектісінің төлқұжаты негізінде;

19) Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган - жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін Астана қаласы әкімдігінің табиғатты пайдалануды реттеу саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын атқарушы органы;

20) Астананың жасыл қоры – Астана қаласының әкімшілік шекарасы шегіндегі жалпы, шектеулі және арнайы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтар енетін жасыл желектер аумақтарының жиынтығы;

21) көгалдандыру резерві аумағы – Астана қаласын дамытудың Бас жоспарына сәйкес қаланың жасыл қорын дамытуға арналған қолайсыз аумақтар;

22) ведомстволық нұсқаулық – Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті органы бекітетін, қала аумағында түгендеу мен орман патологиялық зерттеуді жүргізуді, техникалық қадағалау мен жасыл желектерді құру, қорғау мәселелерін регламенттейтін құжат;

23) жасыл желектерді мәжбүрлі кесу – елді мекеннің бас даму жоспарын іске асыру және қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке келтіру үшін жасыл желектерді кесу;

24) жасыл құрылыс – қалада жасыл желектердің, өнеркәсіптік және басқа объектілердің ауданын құру, сақтау және ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жүйесі;

25) жасыл желектерді түгендеу – (тәртіп бойынша ағашты санау) сапалық және сандық сипаттамалардың толық сипаттамасы бар көгалдандыру объектілерін есептеу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жобалық негізде көгалдандырудың әрбір элементінің кескіндік бейнеленуі;

26) объект (желектің) жай-күйінің (өмірге қабілеттілігі) коэффициенті кесуге ұсынылған объектінің өмірге қабілеттілігін ескеретін жасыл желектердің сапалық жағдайы, оның одан әрі іс-әрекетінің әлеуетті қабілеттілігі;

27) жасыл алаптардағы ландшафты кесу – құраған, фаутты, төмен декоративтік және рекреациялық әсерге нашар төзімді, ағаш сапасын жақсарту үшін басты жоғары декоративті тұқымның дамуына кедергі болатын ағаштар мен бұталарды кесу;

28) жасыл желектерді орман патологиялық зерттеу – зиянкестер болуына арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, дің, тамыр жүйесі және бөрікбастың саңырауқұлақ аурулармен зақымдану белгілерін анықтау;

29) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды өте қатты қысқарту, бүршіктерді сирету және реттеу, ересек ағаштарда кемінде 3,5 метр биіктікте, төбелер мен бұтақтардың кебу салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан сау ағаш діңімен жасарту үшін ағаш діңін кесу;

30) санитарлық кесу – апаттық жағдайларды туындататын (электрлік желі, газ құбырлары үстінде жататын, ғимарат жабындысын бұзатын, жол қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп туындататын) ауру, кепкен, қураған және зақымданған бұтақтарды жою;

31) таңдаулы санитарлық кесу – құрғақ, өлі, жел құлатқан, қар құлатқан барлық жастағы ағаштар мен бұталарды кесу, сонымен қатар тамыр ысқышпен, орақпен және басқа да саңырауқұлақ аурулармен зақымданған ағаштарды кесу;

32) жаппай санитарлық кесу – жасыл алаптарда, саябақтарда, шағынгүлбақтарда жел құлатқан, қар құлатқан, қураған және ауру ағаштардың үлкен көлемі бар (40 пайыздан артық) белгілі бір ауданда өткізілетін ағаштар мен бұталарды кесу;

33) жеке тұлғалардың аралас аумағы – қалалық аумақтың ортақ пайдалану жерлерімен шекаралас жасыл желектер өсетін жеке тұлғалардың иелігіндегі аумақтардың учаскесі;

34) жасыл желектерді сақтау – абаттандыру мен құрылыс жұмыстарына түсетін, жасыл желектердің аса құнды тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

35) мамандандырылған ұйым – Жарғысында жасыл желектерді қорғау және күтіп - ұстау жұмыстарын жүргізу қызмет түрі болып айқындалған, қажетті материалдық және білікті еңбек қоры бар шаруашылық етуші субъект;

36) техникалық қадағалау – жасыл желектерді құру (өтемдік отырғызуды қосқанда), күтіп ұстау, қорғау технологиясын сақтауды және жасыл желектерді отырғызу және күтіп ұстаудың белгіленген технологиясын, ережелерін қадағалау (бақылау);

37) бөрікбасты түзу – жеке ағаштар, бұталар және қалыптауға келетін желілі желектердің бүршіктері мен бұтақтарын белгілі бір эстетикалық нысанға келтіру мақсатында кесу.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 № 256/36-V (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Жасыл желектерді күтіп-баптаудың және қорғаудың негізгі принциптері

2. Астана қаласы аймағында орналасқан барлық жасыл желектер, кімнің иелігінде жатпасын, біртұтас қалалық жасыл қорды құрайды және қорғауға жатады.

Тұрғын үй объектілерінің және қоғамдық құрылыстың меншік иелері, жалға алушылар шектеулі пайдаланымдағы жапсарласқан аумаққа көгалдандыру жүргізуге міндетті.

Азаматтар, қызмет тұлғалары және заңды тұлғалар, жасыл желектерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, жасыл желектердің зақымдалуына немесе жойылуына әкеліп соғатын заңсыз әрекеттерге немесе әрекетсіздікке жібермеуге тиісті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Жасыл желектер орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері, жалға алушылар олардың жай-күйіне бақылау жүргізуді жүзеге асыру қажет, жасыл желектерді қанағаттанарлық жағдайын мен қалыпты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Агротехникалық іс-шараларды жүргізумен байланысты жасыл отырғызғыларды күтіп-баптау бойынша жұмыстарды мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. Жобалау, құрылыс және шаруашылық қызметтері, Қазақстан Республикасы Заңдармен және осы Ережелермен тағайындалған жасыл желектерді қорғау жөніндегі талаптардың сақталуымен жүзеге асырылады. Жоба алды және жобалық құжаттамалар құрылыс, шаруашылық және басқа да қызметтерді ұйымдастыру, жасыл желектердің жай-күйі туралы толық және нақтыланған мәліметтер ұстауы тиіс, ал жобалық құжаттама, бұдан да басқа, жасыл желектердің жобаланатын объектілерге әсерінің толық бағасын ұстауы тиіс.

5. Көгалдандырылған аймақтарды және жасыл алаптарды пайдалану, жасыл желектердің тіршілік әрекетін қамтамасыз етумен үйлестіру жіберілмейді. Қала аймағы көлемінде орналасқан жасыл алаптар, құрылыс салуға жатпайды. Көгалдандырылған аймақтарды дамыту, ұзақ мерзімді кешенді көгалдандыру сызбасына сәйкес жүргізіледі.

6. Көгалдандыру объектілерінде жалпы пайдалану құрылысын салуды (саябақтарда, бақтарда, гүл бақтарында, бульварларда), сонымен қатар екпелерді жалпы пайдалану үшін жасауға арналған жер телімдеріне жайғастыру, олардың тіршілік етуін және қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге арналған құрылыстарды алып тастағанда, жіберілмейді.

7. Саябақтардың, бақтардың, гүл бақтарының, бульварлардың, жүргінші саяжолдарының жеке телімдері уақытша пайдалануға немесе төлем құқынсыз жалға, күрделі емес (уақытша) объектілерді еңбектен кейінгі демалыс, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін жайғастыру мақсатында жалға алушыға берілуі мүмкін.

8. Көгалдандырылған жалпы пайдалану аймағын жалға беру кезінде, жасыл желектерді сақтау қамтамасыз етілуі тиіс.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

9. Жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақ Астана қаласының коммуналдық меншігінде болады, сондай-ақ жерге құқық субъектілеріне байланысты республикалық және жеке меншікте болуы мүмкін. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақ шекарасындағы жер учаскелерін шаруашылық пайдалану бойынша меншік иелерінің, жерді иеленушілердің, жалға алушылардың құқықтары шектеледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

9-1. Жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтардың жер учаскелеріне тұрақты жер пайдалану құқығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті аудан әкімдерінің аппараттарына ресімделеді. Астана қаласының санитарлық-қорғау аймағы жасыл белдеуінің жер учаскелеріне тұрақты жер пайдалану құқығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органға ресімделеді.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

9-2. Жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақпен қамтылған жер айналымнан шығарылады. Жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтың жекелеген учаскелері қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органмен келісім бойынша егер ұсынылған қызметтер жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақты құру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмесе және жасыл желектерді қалыпты өмір тіршілігін қамтамасыз етуге кедергі болмайтын болса, келушілерге үздіксіз қызмет көрсетуді ұйымдастыру мақсатында сатып алу, қосалқы жалға беру, кепілге қою құқығынсыз жалға беріледі.

Ескерту. 2-тарау 9-2-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

10. Көгалдандырылған шектеулі пайдалану аймағы тұрғын үй қоры меншіктерінің, басқа да меншіктердің және пайдаланушылардың иелігінде болады.

11. Көгалдандырылған шектеулі пайдалану аймағы, азаматтармен және заңды тұлғалармен тұрғын және қауымдық құрылыс салу объектілерін орналастыру үшін пайдаланатын аймақтарда орналасқан айналымда болады және жалға, төлем, жалға алу, кепіл құқымен бекітілген қала құрылысы құжаттамаларына сәйкес, пайдалануға берілуі мүмкін.

12. Көгалдандырылған арнайы аймақ шекарасындағы жер учаскелері және олардың қорғаныс белдеуі жеке меншіктерден және жалгерлерден талап етілмейді. Қолданыстағы заңдарға сәйкес, көгалдандырылған арнайы аймақ шекарасындағы жер телімдерін шаруашылықта пайдалану жөнінен жеке меншіктердің, жер иеленушілердің, жерді пайдаланушылардың құқы шектеледі.

13. Көгалдандырылған арнайы аймаққа белгіленген жерлер, айналымнан босатылады. Арнайы күзетілетін табиғат аймақтарының жекелеген телімдері қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік өкілетті органдардың келісімімен төлем құқысыз жалға, жалға алу, келушілердің демалысына қызмет көрсетуді ұйымдастыру мақсатында кепілдеу, егер ұсынылған қызметтер көгалдандырылған арнайы аймақты жасау мақсатына қарсы келмеген жағдайда және күзетілген табиғи кешендерге және объектілерге зиянын келтірмеген жағдайда берілуі мүмкін.

14. Көгалдандыру жөніндегі барлық жұмыстың түрлерін, белгіленген тәртіпте тағайындалған жобаларға, жұмысшы сызбаларына сәйкес орындау қажет. Көгалдандыру және көріктендіру жұмыстарын жүргізу кезінде жоба авторлары орындалатын жұмыстардың бекітілген жобаларға, жұмысшы сызбаларына сәйкестігін және сапалылығын бақылауы тиіс.

14-1. Қағиданың іс-қимылы қолданыстағы жеке тұрғын үйдің аумағына, азаматтардың саяжай учаскелеріне және қаланың коммуналдық қызметтерінің қарамағындағы зираттардың учаскелеріне және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолданылмайды.

Санитарлық кесу, мәжбүрлі кесу, бөрікбасты түзу, жасарту және жасыл желектерді қайта отырғызу "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасында реттелетін республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан басқа, олардың өз қалауы бойынша ортақ табиғат пайдалану тәртібінде, рұқсат беруді ресімдеусіз жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 14-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Азаматтардың және жасыл желектерді иеленушілердің (жалгерлердің) құқы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

15. Азаматтар құқылы:

1) бақтарда, саябақтарда, гүл бақтарында еркін жүруге, жасыл желектер орын алған мемориалдық кешендерде және басқа да аймақтарда өздерінің мәдени-сауықтыру және эстетикалық қажеттілігін қанағаттандыру, қыдыру, спортпен айналысу үшін және басқа да мақсаттарда, осы ережелердің талаптарын сақтай отырып, пайдалана алады. Қала жұртшылығының көгалдандырылған арнайы және айрықша қорғалатын табиғи аймақтарының жекелеген телімдерін пайдалануға, қолданыстағы заңдарға сәйкес, жартылай немесе толық шек қойылуы мүмкін;

2) қаланың жасыл қорын болашақта дамыту және сақтау шаралары, жай-күйі туралы нақты мәліметтер алуға;

3) көгалдандыру құрылысы жобаларын талқылауға, сонымен қатар баламалық жобаларын өңдеуге қатысуға;

4) жобалық құжаттамасына қоғамдық экологиялық сараптау жүргізу туралы, оның іске асырылуы қаланың жасыл қорына зиян келтіруі мүмкін бастамамен шығып сөйлеуге;

5) қаланы, ауданды, ауланы көгалдандыру, көгалдандырылған аймақтарды санитарлық тазарту туралы іс-шараларға қатысуға.

16. Көгалдандырылған аймақтардағы жеке және заңды тұлғалар, меншік иелері және жалға алушылар, тиісті:

1) жасыл желектерді сақтауға және білікті күтіммен қамтамасыз етуге;

2) жасыл желектерді қорғау жөніндегі өкілетті органға желектердің жетекші тізімдемесін, белгіленген нысан бойынша жасыл желектерді түгендеу материалдарындағы өзгеріс туралы (бұзу, жаңарту, қайта отырғызу, отырғызу) ақпараттарды жыл сайын беріп отыруға;

3) Астана қаласының Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органының нұсқаулық-әдістемелік нұсқауларына сәйкес, барлық агротехникалық шаралар кешенін тұрақты жүргізу, оның ішінде гүлзарлар, ағаштар мен бұталарға су құю, арамшөптер, зиянкестер және аурулармен күрес жүргізу, жасыл желектерді түзеу және жасарту, гүлзарларды күзеу;

4) өзінің есебімен қала құрылысы, экологиялық, санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жасалған, тағайындалған дендрологиялық жобалар бойынша бекітілген аймақтардағы жасыл желектерді кезекті жөндеу және көгалдандыру жүргізу;

5) жасыл желектерді жою (қайта отырғызу) осы ережелермен тағайындалған тәртіпте ресімделсін;

6) Ағаштарды жасартып қию, ағаш-бұталарды бөрікбастарды қалыптастыру, іріктемелі және жаппай санитарлық кесу Астана қаласының Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органына және тиісті аудан әкімінің аппаратына хабарлай отырып жүргізіледі;

7) қорғаныс аймағындағы тоқ өткізетін сымдарды (1 метр радиуста), сонымен қатар көше көрсеткіштерін және үйлердің нөмірлік белгілерін жауып тұрған бұталарды қырқуды уақытында жүргізу. Бұталарды қырқу, электр желілері иесінің келісімімен және олардың жұмыс технологиясының сақталуын бақылау арқылы, кесте бойынша жүргізіледі;

8) аймақта санитарлық тазартуды жүргізу, сынған ағаштар және бұталарды жою;

9) көгалдандыру объектілерінде сутоған бар болса, оларды тазалықта ұстау және оларды күрделі тазалықтан өткізу 10 жылда бір рет жүргізілсін;

10) бақтарды, саябақтарды, гүл бақтарын, бульварларды аралаған кезде жасыл желектерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтауға;

11) көшелер мен алаңдарды тазалау үшін роторлы машиналарды қолдану машиналарда қардың (қар салмағының) желектерге түсуіне жол бермейтін арнайы бағыттайтын құрылғылары бар болған кезде жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, жасыл желектерге қарды тастау үшін роторлы қар тазалау машиналарын пайдаланбауға;

12) ағаштарға зиянын келтіруі мүмкін заттарды (аспалы төсектерді, өткеншекті, кір жаятын жіптерді, жарнама қалқандарын, электр сымдарын, электр және жалаушалы гирляндарды, тікенекті сымды қоса алғанда) ілуге, бекітуге жол бермеуге;

13) құрылыс ұйымдары құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде көгалдандырылған аумақтардың меншік иелері мен жалға алушыларына жасыл желектер аумағында жұмыстың басталғандығы туралы бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға, құрылыс аумағындағы жасыл желектерді ағаштың діңінен 0,5 метрден кем болмайтын қашықтықта үшбұрыш етіп орналастырып, биіктігі 2 метр болатын тұтас қалқандармен қоршау, сондай-ақ қоршалған үшбұрыштың айналасына радиусы 0,5 м болатын ағаш төсем орнату;

14) қаланың өтетін жолдарына, алаңдарға, аулалар мен жиекжолдарға төсем салу және асфальт төсеу кезінде, алдағы уақытта темір бетон шарбақты орнатумен немесе діңнің айналасындағы топырақтың нығыздалуының алдын алатын басқа да жабынды жабуымен, ағаштың айналасынан диаметрі кемінде 2 метр болатын бос кеңістік қалдыруға;

15) кабель, кәріздік құбырлар және басқа да қондырғылар орнату кезінде траншея қазуды ағаштан діңнің қалыңдығы 15 сантиметрге дейін екі метрден кем болмайтын қашықтықта, діңнің қалыңдығы 15 сантиметрден аспайтын - үш метрден кем емес қашықтықта, шеткі қаңқа бұтағының негізінен қашықтықты есептей отырып, бұтадан бір жарым метрден кем емес қашықтықта жүргізу қажет;

16) өсіп тұрған желектер ауданында жолдар, жиекжолдар және басқа да орын-жайларды қайта жаңарту және салуда, оларды төмендету немесе биіктету кезінде, тігінен белгілерді қолданыстағы белгілерінен 5 сантиметрден артық өзгертуге жол бермеуге.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

17. Жасыл желектер орын алған жер телімдерін сату, сатып алу, сыйға беру, жалға беру және жер заңымен қаралған басқа да жер айналымы нысанымен жасыл желектерді күтіп-баптау және қорғаныс жөніндегі құқы басқа меншік иесіне, жалға алушыға өтеді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

18. Көгалдандырылған аймақтардың жер айналымын куәландыратын құжаттамалар, Астана қаласы жасыл желектерді қорғау жөніндегі өкілетті органымен келісуге тиісті.

19. Жасыл желектерді күтіп-баптауға арналған күзет куәлігі, ал жекелеген жағдайларда аймақтарды көркейту және тазалау шарты, жасыл желектер орналасқан жер телімдеріне құқын белгілейтін құжаттар ресімделгенге (қайта ресімдеу) дейін жасалады.

4. Жасыл желектерді қорғау жөніндегі өкілетті органның өкілдігі

20. Жасыл желектерді қорғау жөніндегі өкілетті органның құзырына енетіндер:

1) жасыл желектердің тізілімін қала аудандары әкімдері аппараттарынан алынған мәліметтерді жинақтау арқылы жүргізу;

2) жасыл желектер орын алған жер телімдерін пайдалануға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы шешімдерді қабылдау;

3) жасыл желектерді бұзуға, қайта отырғызуға рұқсат беру;

4) кепілдік өтемдік отырғызулар және жасыл желектерді күтіп-баптау жұмыстарының жүргізілуін бақылауды ұйымдастыру;

5) алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

6) алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. Жасыл желектердің есебін жүргізу, күтіп-баптау және қорғау

21. Астана қаласындағы жасыл желектердің есебін жүргізу, олардың санын, түрлік құрамын және жай-күйін анықтау мақсатында, есеп жүргізу объектісінің шегінде орналасқан жасыл желектерді түгендеу арқылы жүзеге асырылады.

22. Жасыл желектерді түгендеу және басқа да түрлі тексерулер, белгіленген тәртіппен тағайындалған нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға, әр ағаш бойынша

есеп жүргізу әдістерімен, контуры бойынша қайта санау, есеп жүргізу объектісі шекарасында орналасқан жасыл желектердің құрылымдық бөлшектерінің күрделілігіне байланысты баға кесулерге сәйкес жүргізіледі.

23. Жасыл желектердің есебін жүргізу мына мақсатта жүргізіледі:

1) Астана қаласы аймағындағы жасыл желектердің сандық және сапалық сипаттамалары туралы нақты мәліметтер алу;

2) жауапты иеленушілердің көгалдандырылған аймақтардағы жүзеге асырылған қызметтерінің белгіленген атқарымдық қызметіне сәйкестігін анықтау ;

3) қала аймағындағы жасыл желектердің жай-күйін сараптау;

4) Астана қаласының көгалдандырылған аймақтарын ұтымды пайдалану үшін , ақпараттық база құру.

24. Жасыл желектердің барлық түрлері есепке алынуға жатады: ағаштар, бұталар, гүлзарлар, гүлбақшалар. Жасыл желектерге зерттеу жүргізуді агротехникалық іс-шаралар жүргізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

25. Жасыл желектердің есебін жүргізу нәтижесін көрсететін құжат - бекітілген нысан бойынша (1-қосымша) жасалған есеп жүргізу объектісінің төлқұжаты болып табылады.

26. Есеп жүргізу объектісінің төлқұжаты бес жылда бір рет жоспарлы жаңартуға жатады.

27. Жауапты иеленуші өзіне тиісті жер телімдеріндегі жасыл желектердің есебін жүргізуді ұйымдастырады және алынған нақты мәліметтерді есеп объектісі төлқұжатына түсіруді қамтамасыз етеді.

28. Есептік объекті паспортты жауапты меншік иесімен бекітіледі және Астана қаласының тиісті ауданы әкімі аппаратының өкілімен және қаланың Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органымен келісіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

29. Белгіленген тәртіпте жасалған есеп жүргізу объектісінің төлқұжаты, жауапты иеленуші арқылы Астана қаласының тиісті ауданының әкімі аппаратына, жасыл желектердің тізімдемесіне мәліметтерді жинау үшін беріледі (2-қосымша).

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

30. Резервтегі аймақтың есеп жүргізу объектісінің төлқұжаты, жасыл желектерді зерттеу негізінде талаптарға сәйкес жасалынады. Көрсетілген төлқұжаттардың мәліметтері, аудандардың жасыл желектер тізіліміне белгіленген тәртіпте жинақталады.

31. Астана қаласы жасыл желектерінің тізілімі мына мақсатта жүргізіледі:

1) Астана қаласындағы жасыл желектердің саны және жай-күйі туралы нақты кешенді ақпараттар алу;

2) Астана қаласындағы жасыл желектердің саны және жай-күйінің мониторингін жүргізу;

3) қалалық саясаттың, қаланың көгалдандырылған аймақтарын қорғау, сақтау және даму аумағындағы негізгі бағытын анықтау;

4) жасыл желектерді қорғауды, сақтауды және дамуын ең тиімді тәсілмен орындау;

5) қаладағы жасыл желектердің саны және жай-күйі туралы халықты, үкімет және басқару органдарын анықталған ақпараттармен қамтамасыз ету.

32. Тізімдеме, есеп жүргізу объектілерінің төлқұжаттарында мазмұндалған, сонымен қатар қаланың иесіз және резервтегі жерлерінде (бұдан әрі - жасыл желектер туралы ақпараттар) орналасқан жасыл желектерді түгендеу нәтижесінде алынған ақпараттар негізінде жүргізіледі.

33. Тізілімді жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру аудан әкімдері аппараттарымен жердің қызметтік тағайындауы бойынша топтаумен белгіленген нысан бойынша оларға ведомстволық қарасты көгалдандырылған аумақтың шекараларында жүргізіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

34. Жасыл желектердің тізілімі, жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті органның қалалық ақпараттар жүйесіне одан арғы мәліметтер жиыны үшін өткізіледі.

35. Астана қаласы аудандарының әкімдері аппаратына және Уәкілетті органға қарасты көгалдандырылған аймақтарға орналасқан - жасыл желектер тізімдемесі мәліметтерін жаңарту 2 жылда бір рет жүргізіледі.

36. Қорғау және күтіп-баптау:

1) бау-бақшалар, бақтар, гүл бақтары, бульварлар, жүргінші саяжолдары Астана қаласының Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органына, аудандар әкімдерінің аппараттарына, мамандандырылған коммуналдық

кәсіпорындарға, сондай-ақ көгалдандырылған аумақтың меншік иелері мен жалға алушыларына жүктеледі;

2) мәдени және демалыс саябақтары, балалар саябағы, арнайыландырылған саябақтар - осы мекемелердің әкімшілігіне жүктеледі;

3) көгалдандырылған аймақтардың жалпы пайдалану телімдері: гүл бақтары, көшелер, бульварлар және жүргінші саяжолдары, сауда объектілерінің фасад тобының (кіре беріс) ажырағысыз бөлігін құрайтын қызмет көрсету, банк, офистер, кәсіпорындар, жеке меншік үйлері және т.б. меншік иелеріне және осы үй-жайларды жалға алушыларға жүктеледі;

4) кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар аймақтарындағы, сонымен қатар оларға бекітілген телімдердегі жасыл желектер, тікелей осы кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен жүргізіледі;

5) санитарлық-қорғау аймақтарын - санитарлық-қорғау аймақтары шекарасында жер телімдері бар жер иеленушілермен, жерді пайдаланушылармен және жалға алушылармен жүргізіледі;

б) квартал ішіндегі жасыл желектерді, жерді пайдалану шегіндегі ұйаралық аумақтардағы екпелерді, тұрғын үй қоры (тұрғын үй-пайдалану кәсіпорындарының пайдаланушылары) меншік иелеріне жүктеледі.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

37. Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

37-1. Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Жасыл желектерді жою және көшіріп отырғызу

38. Жасыл желектерді жоюға және көшіріп отырғызуға мына жағдайда ғана рұқсат берілуі мүмкін:

1) қала құрылысы құжаттамаларымен келісілген және бекітілген құрылыс объектілерін немесе басқа да орналастыру жағдайымен қамтамасыз етерде;

2) инженерлік көріктендіру объектілерін жер үсті қатынастарына қызмет көрсетерде;

3) апат және төтенше жағдайларды жоюда, соның ішінде инженерлік көріктендіру объектілерінде;

4) Астана қаласындағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының тұжырымдамасы бойынша, тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайлар нормативтеріне сәйкес, жарықтандыру деңгейін орнына қайта келтіргенде;

5) жасыл желектердің сапалылығын және түрлік құрамын жақсарту қажет болғанда.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

39. Объектіні тексерудің бастапқы актісі (3-қосымша) және ұсынылған құжаттама негізінде Астана қаласының Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органмен берілетін белгіленген нысандағы (4-қосымша) рұқсат бойынша ғана жасыл желектерді бұзу және қайта отырғызуға жол беріледі.

Бұзу, қайта отырғызу тәртібі және бұзуға және қайта отырғызуға рұқсат беру Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органмен анықталады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

39-1. Жасыл желектерді санитарлық кесуге, мәжбүрлі кесуге, қайта отырғызуға рұқсат алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) қайта салынып немесе қалпына келтіруге жататын объектілер үшін:

а) уәкілетті орган басшысының атына жасыл желектерді кесуге немесе қайта отырғызуға өтінім берушінің аты-жөні, мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген өтінім;

б) объект құрылысына (қалпына келтіруге), соның ішінде жеке тұрғын-үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесі;

в) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі;

г) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының көшірмесі;

д) өтінім беруші бекіткен және Астана қаласының тиісті аудан әкімі аппаратымен келісілген жасыл желектердің экспликациясы бар өтемдік отырғызу жоспары;

е) жапырақты ағаштарды – бір жыл, қылқан жапырақты ағаш түрлерін – екі жыл күтіп-баптау жұмыстарын жүзеге асыру шартымен көшеттерді отырғызу мерзімі көрсетілген өтемдік отырғызу жөніндегі кепілдік хат;

ж) мамандандырылған ұйыммен өтемдік отырғызуға жасалған шарт;

з) жасыл желектерді қайта отырғызу кезінде – мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың көшірмесі;

и) қайта отырғызылған жасыл желектерді жапырақты ағаштарды – бір жыл, қылқан жапырақты ағаш түрлерін – екі жыл күтіп-баптау жұмысын жүзеге асыру шартымен кепілдік хат;

к) жасыл желектерді қайта отырғызу кезінде – қайта отырғызу жұмыстары жүргізілетін қала ауданының шегінде, Астана қаласы тиісті аудан әкімі аппаратымен келісілген қайта отырғызу орны белгіленген жоспардың немесе сызбанұсқаның болуы;

2) жаңадан салынып жатқан инженерлік желілер үшін:

а) уәкілетті орган басшысының атына жасыл желектерді кесуге немесе қайта отырғызуға өтінім берушінің аты-жөні, мекенжайы және байланыс телефоны көрсетілген өтінім;

б) белгіленген тәртіпте келісілген инженерлік желілердің жобасы;

в) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының көшірмесі;

г) өтінім беруші бекіткен және Астана қаласы тиісті аудан әкімі аппаратымен келісілген жасыл желектердің экспликациясы бар өтемдік отырғызу жоспары;

д) жапырақты ағаштарды – бір жыл, қылқан жапырақты ағаш түрлерін – екі жыл күтіп-баптау жұмыстарын жүзеге асыру шартымен көшеттерді отырғызу мерзімі көрсетілген өтемдік отырғызу жөніндегі кепілдік хат;

е) мамандандырылған ұйыммен өтемдік отырғызуға жасалған шарт көшірмесі ;

ж) жасыл желектерді қайта отырғызу кезінде – мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың көшірмесі;

з) қайта отырғызылған жасыл желектерді жапырақты ағаштарды – бір жыл, қылқан жапырақты ағаш түрлерін – екі жыл күтіп-баптау жұмысын жүзеге асыру шартымен кепілдік хат;

и) жасыл желектерді қайта отырғызу кезінде – қайта отырғызу жұмыстары жүргізілетін қала ауданының шегінде, Астана қаласы тиісті аудан әкімі аппаратымен келісілген қайта отырғызу орны белгіленген жобаның немесе сызбанұсқаның болуы;

3) аумақты абаттандыру, сонымен қатар қолданыстағы объектілердің жасыл-желектерінің сапалық және түр құрамын жақсарту және эстетикалық түрге келтіру үшін:

а) уәкілетті орган басшысының атына жасыл-желектерді кесуге немесе қайта отырғызуға өтінім берушінің аты-жөні, мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген өтінім;

б) жер учаскесіне құқық беруші құжаттардың көшірмесі;

в) өтінім беруші бекіткен және Астана қаласы тиісті аудан әкімі аппаратымен келісілген жасыл желектердің экспликациясы бар өтемдік отырғызу жоспары;

г) жапырақты ағаштарды – бір жыл, қылқан жапырақты ағаш түрлерін – екі жыл күтіп-баптау жұмыстарын жүзеге асыру шартымен көшеттерді отырғызу мерзімі көрсетілген өтемдік отырғызу жөніндегі кепілдік хат;

д) мамандандырылған ұйыммен өтемдік отырғызуға жасалған шарт.

Ескерту. 6-тарау 39-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

40. Мемориалдық, тарихи және бірегей эстетикалық құндылығы бар, тағайындалған тәртіпте статусы бекітілген ағаштарды кесу; Қызыл кітапқа енгізілген сүректі және бұта өсімдіктерінің түрлері, сонымен қатар ерекше қорғалатын, жергілікті маңызы бар табиғи аймақтарда орналасқан ағаштарды кесуге тыйым салынады. Төтенше жағдайда, ерекше қорғалатын екпелерді кесу қажеттігі туғанда, кесудің мақсатқа сәйкестігін сараптау, қала әкімімен құрылған комиссия арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

41. Ағаштар мен бұталарды бұзу, белгіленген тәртіпте ресімделген рұқсаттама құжаты болған жағдайда, мамандандырылған ұйыммен жүргізіледі.

Рұқсаттама құжаттарын алдын-ала ресімдемей, жасыл желектерді бұзуға және қайта отырғызуға жол берілмейді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

42. Қала құрылысы қызметін іске асыру кезінде жасыл желектерді бұзуды немесе қайта отырғызуды келісу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) құрылысқа бастапқы-рұқсаттама құжаттамасын дайындау кезінде жобалау ұйымы белгіленген тәртіпте жобаны әзірлейді;

2) жобалау ұйымының хаты және Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның жобасы негізінде, құрылыс жүргізу болжанған учаскеде зерттеу жүргізіледі және жасыл желектерді зерттеу актісі жасалады (3-қосымша), онда ағаштар мен бұталардың саны, олардың көрнекілік құрамы, жай-күйі, гүлзарлардың, шөп жабындары, гүлдердің болуы көрсетіледі;

3) зерттеу актісі негізінде Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган жобалау ұйымына ағаштар мен бұталарды барынша сақтап қалу мақсатында,

жасыл желектердің саны мен құрылысты орналастырудың ерекше талаптарын көрсетумен, аталған учаскеде құрылысты жүргізу мүмкіндігі туралы қорытынды береді;

4) жобалау құжаттамасы Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген бастапқы-рұқсаттама құжаттамасы негізінде әзірленеді;

5) алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

6) алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

43. Инженерлік қатынастарға күрделі немесе ағымды жөндеу жүргізу кезінде жасыл желектерді жою және (немесе) көшіріп отырғызу келісімі мына тәртіпте жүргізіледі:

1) инженерлік коммуникацияларды күрделі және ағымдық жөндеу кезінде, жасыл желектерді бұзу рұқсат қағазы негізінде жүргізіледі;

2) қолданылып жүрген құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес анықталатын, инженерлік коммуникациялардың сақтау аймағына келетін жасыл желектерді кескенде өтемдік отырғызу қажет емес;

3) жөндеу жұмыстары барысында бұзылған гүлбақтар мен гүлзарларды қалпына келтіру тапсырыс берушінің қаржысы есебінен жүзеге асырылады;

4) алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

44. Төтенше және апатты жағдайларда, ірі ағаштардың құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйіне, көлік қозғалысына, коммуникациялардың жұмыс жасауына, сондай-ақ өнеркәсіптік, азаматтық маңызы бар ғимараттардан және жеке тұрғын үй құрылыстарынан кемінде 5 м аралықта өскен ағаштар бойынша өсіп тұрған ағаштың топырағы

ғимарат үшін қауіп тудырса – жабынды, балконды, лоджийді, терезені бұзып тұрса, және егер тамыры ғимараттың қасбетін бұзып тұрса, оларды санитарлық кесуге, бұзуға рұқсат қағазы Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне 3.01-01-2002 сәйкес апатты жасыл желектер ретінде беріледі, аталған желекті бұзу алдын ала рұқсатсыз жүргізіледі:

1) бұзу фактісі белгіленген нысанда ресімделген, құрамында аумақтық меншік иесінің, Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның өкілдерінен, тиісті ауданның әкімі аппараты өкілінің, апатты және өзге де төтенше жағдаяттарды жою бойынша жұмысты жүргізетін ұйымның өкілі болатын комиссиямен кесу орындарын мәлімдеу актісімен расталады;

2) жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіпте ресімделген бұзу орнын мәлімдеу актісі болған жағдайда, жұмыстардың басталған сәтінен бастап 72 сағаттың ішінде бұзуға рұқсаттама береді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

45. Ғимараттар және үймереттер жайларына жоғары деңгейде көлеңке түсіріп тұрған, 5 метрден жақын өсіп тұрған ағаштарды кесуге, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының тұжырымдамасы негізінде өтемдік отырғызу есебінсіз, азаматтардың өтініші бойынша Астана қаласы жасыл желектерді қорғау жөніндегі Өкілетті органмен рұқсат беріледі.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

46. Қураған, суалған және ауру ағаштарды есепке алу және таңбалау, олардың тұрған жеріне қарамастан, көгалдандырылған аймақтарды пайдаланушылардың, меншіктеушілердің, жалға алушылардың, азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Астана қаласының жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті органмен жүргізіледі.

Егер құрғақ ағаштар мен бұталарды зерттеу кезінде ағаштардың өлімі қартаюы мен аурулардан емес, жеке немесе заңды тұлғаның кінәсінен болғанын анықтаса, онда өтемдік отырғызу кінәлі тұлғаның есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 46-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.08.26 N 243/37-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

47. Жасыл желектерді өндіруге және күтіп-баптауға мамандандырылған мекемелерге жататын аймақтардағы жасыл желектерді кесу, осы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

48. Жасыл желектерді өндіруге және күтіп-баптауға, агротехникалық шараларды орындау үшін арнайы бөлінген аймақтардағы жасыл желектерді кесу, аймақтардың иелерінің - ұйымдардың әкімшіліктерінің шешімдері бойынша, кесу билетінің ресімделуінсіз жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда өтемдік отырғызу талап етілмейді.

Ескерту. 48-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

49. Жасыл желектерді өсіруге және күтіп-баптауға мамандандырылған аумақ иелері-ұйымдар жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті органға жасыл желектерді өсіру және күтіп-баптау жөнінен агротехникалық шараларды орындау үшін арнайы бөлінген аумақтың шекарасын көрсете отырып, оларға жатқызылатын аумақтың жобасын ұсынады.

50. Басқұрылыс жоспары мен есептеу тізімдемесіне сәйкес (6-қосымша) кесілуге жатқызылатын жасыл желектердің бәрі қызыл бояумен, қайта отырғызуға арналғандар - сарымен таңбаланады. Ағаштарды таңбалауды дендрологиялық жоспарға және есептеу тізімдемесіне сәйкес жұмыстарды жүргізуші жүзеге асырады.

51. Құлату, түбірін қопару, кесілген ағашты және кесінді қалдықтарын тиеу мен тасу жұмыс басталған сәттен бастап тәулік ішінде жүзеге асырылады. Кесілген жасыл желектерді және кесінді қалдықтарды өндіріс орнында сақтауға жол берілмейді. Барлық құлату, түбірін қопару және кесінді қалдықтарын тасу жұмыстары, осы жұмыстардың түріндегі қауіпсіздік техникасының талаптарына сәйкес толық жүргізіледі.

Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

52. Кесу аумағына іргелес гүлзар, жасыл желектер зақымданған жағдайда жұмысты жүргізуші олардың құзыры шеңберінде аумақ иелерімен және бақылаушы органдармен келісілген мерзімде, бірақ зақым келтірген сәттен бастап, жарты жылдан кешіктірмей қалпына келтіреді.

Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.11.06 N 270/39-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

53. Қалалық орта жағдайларына бейімделген жасыл желектерді қайта отырғызу жасыл желектерді бұзуға және қайта отырғызуға рұқсаттама (4-қосымша) негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

54. Құрылыс жұмыстарына тапсырыс берушілер жұмыс бастамас бұрын рұқсат алу үшін төмендегілерді атқаруы тиіс:

1) Уәкілетті органға құрылыс аймағындағы ағаштарды және бұталарды көшіріп отырғызу, Астана қаласының сәулет және қала құрылысы органымен таңдап алынған учаскелерге қайта құру және күрделі жөндеу жобалық құжаттамаларын тапсыру;

2) ағаштар мен бұталарды қайта отырғызуға шартты мамандандырылған ұйыммен жасыл желектерді зерттеу актісіне сәйкес жасассын;

3) көшіріліп отырғызылған жасыл желектерді күту жөніндегі жұмыстарды - жапырақтылар 1 жыл, қылқан жапырақтылар 2 жыл ішінде жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті органмен берілген кепілдік хаты негізінде қаржыландырып отыруды қамтамасыз ету. Кепілдік күтуден кейінгі жасыл желектерді қабылдап алу, жасыл желектердің тіршілікке бейімділігі актісі негізінде (7-қосымша) жүзеге асырылады;

4) жобалау ұйымдары, бес қабатты және көнерген тұрғын үй қорын қайта тұрғызу, ғимараттар, құрылыс және инженерлік қатынастарды күрделі жөндеу құрылысы аймақтарынан көшіріліп отырғызатын жасыл желектерді пайдалана отырып, жобаланатын көгалдандыру объектілерінің жобалау-смета құжаттамасын жасауды қамтамасыз етеді;

5) Уәкілетті орган қайта отырғызуға рұқсатты құрылыс, бес қабатты және ескірген тұрғын үй қорын қайта жаңғырту, ғимараттарды, үймереттерді және инженерлік коммуникациялардың күрделі жөндеу аймағына жатқызылатын дендрологиялық жоспарды, жасыл желектер есебінің тізбесін және қайта отырғызылатын ағаштар мен желектерге бөлінген аумақтардың абаттандыру және көгалдандырудың жобалық құжаттамаларын бекіткеннен кейін рұқсат береді, қайта отырғызылатын жасыл екпелердің есебін жүргізуді қамтамасыз етеді. Қайта отырғызу орнын куәландырады. Қайта отырғызуға рұқсатты жабу туралы белгі қояды.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7. Жасыл желектерді, оларды жойғаннан кейінгі зиянды өтеу және қалпына келтіру

55. Қызмет тұлғаларының, азаматтардың және заңды тұлғалардың іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде болған көп жылғы жасыл желектерді жоғалту (жою, құрту) немесе зақымдау, натуралды түрде толық өтеуге жатады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

55-1. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын сәулеттік, қала құрылысы және құрылыс жұмыстары жүргізілген кезде, жасыл желекті қалпына келтіру белгіленген тәртіппен (көгалдандыру жобасы бойынша) тиісті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті орган құрылыс, қалпына келтіру немесе ағымдағы жөндеу аймағындағы жасыл желектерді мүмкіндігінше сақтап қалу мақсатында, мүмкіндік болса жасыл желектерді қайта отырғызуға басымдылық беруі керек.

Ескерту. 7-тарау 55-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

56. Өтемдік отырғызу төмендегі талаптар есебіне сәйкес жүргізіледі:

1) орны толтырылатын екпелер саны, көгалдандырылған аймақ көлемі қысқартылмай, жойылған екпелер санынан екі есе көлемде артық болуы тиіс;

2) жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүргізілген жасыл желектерді кесуге өтемдік отырғызу кесекпен бірге биіктігі кемінде 2,5 метр жапырақ тұқымдас және кесекпен бірге биіктігі кемінде 2,0 метр қылқан жапырақты көшеттерді отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттің жоғары тамыр жүйесінен діңгегінің диаметрі (діңгек бөлігі 1,3 метр биіктікте) 3 сантиметрден кем болмауы керек. Бұл ретте, кесу үшін өтемдік отырғызу екі реттік көлемде жүргізіледі.

Қала аумағында одан әрі өтемдік отырғызу жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіпте келісілген арнайы учаскелерде (ортақ және арнайы пайдаланатын жерлерде) белгіленді.

Жалпы және арнайы пайдаланатын жерлерде өтемдік отырғызу жасыл желектерді жалпы пайдалану жерлерде көгалдандыруды, кепілдік күтіп-баптау мен күтіп-ұстауды жүзеге асыратын тек мамандандырылған ұйымдар ғана жүргізеді (шарт негізінде);

3) қайта отырғызу және өтемдік отырғызу кезінде топырақты құнарлы топыраққа ауыстырумен отырғызу жұмыстарын жүргізуді қарастыру.

Жасыл желектер кесуі жүргізілген аумақта бос аудандар болмаған жағдайда, жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті орган Астана қаласының тиісті

аудан әкімінің аппаратымен бірлесіп, одан әрі қарай өтемдік отырғызуды жүргізу үшін арнайы учаскелерді анықтайды.

Ескерту. 56-тармаққа өзгерістер енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

57. Өтемдік отырғызу, кімнің тілегімен жою жүргізілсе, сол азаматтар және заңды тұлғалар қаражаты есебінен жүргізіледі.

Заңсыз жою, құрту, фактілері бойынша айыпкерді анықтау болмаған жағдайда, жасыл желектер табиғи опат болғанда өтемдік отырғызу қала бюджетінің қаражатынан жүргізілетін болады.

Өтемдік отырғызуды жасыл желектерді қорғау жөніндегі Уәкілетті органның келісімі бойынша анықтаған мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша азаматтар немесе заңды тұлғалар жүргізе алады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

58. Отырғызылған жасыл желектер өлген жағдайда, кесу жүргізген мүдделі тұлғалар немесе мамандандырылған ұйым (қолданыстағы кепілдік міндеттеме келісімі бойынша) жасыл желектердің қайталама отырғызуын жүргізеді және отырғызу жүргізілген мезеттен бастап екі жыл бойы оларға одан әрі қарай күтіп – баптауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

59. Құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде жоюға жататын жасыл желектер, құрылыс жүргізушінің есебінен қайта қалпына келтіріледі. Құрылысқа арналған тағайындалған жоба құжаттамаларына сәйкес, құрылыс салушылармен жүргізілген көгалдандыру, өтемдік отырғызу бойынша жүргізілген жұмыстар сияқты есепке алынбайды.

Жеке және заңды тұлғалар есебінен жүзеге асырылатын құрылыс жұмыстарын (күрделі құрылыс, жолдарды, жаяу жүргіншілер жолдарын, арық желілерін жөндеу және т.б.) іске асыру кезінде құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан ұйымдарға (тапсырыс берушілер мен мердігерлерге) құрылыс жобаларында жасыл желектерді өтемдік отырғызу бойынша жұмыстары аяқталғаннан кейінгі екі жыл бойы оларды күтіп-баптау жұмыстарын ескере отырып, қаржыландыруды қарастыруы қажет.

Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

59-1. Осы Ережені бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. 7-тарау 59-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.08.26 N 243/37-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

8. Жасыл желектерді қорғау және күтіп-баптау аумағындағы әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершілігі

Ескерту. 8-тарау алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.08.26 N 243/37-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

9. Астана қаласының санитарлық-қорғау аймағы жасыл белдеуінің аумағындағы жасыл желектерді күзету, қорғау, күтіп ұстау

Ескерту. Ереже 9-тараумен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

60. Астана қаласының санитарлық-қорғау аймағының жасыл белдеуі аумағындағы жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне" :

- 1) жасыл желектерді күтіп ұстау, орман жүргізу және ағаш өсіру;
- 2) өртке қарсы және санитарлық қондырғылармен қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың, сондай-ақ осы Қағиданың 61-тармағында қарастырылған басқа да бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, орман өртімен күрес жүргізу бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- 3) орманның зиянкестерімен және ауруларымен күрес жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 4) табиғи немесе жасанды жасалған су тоғандарын қорғау бойынша жұмысты , қамысты өсімдіктермен күресті ұйымдастыру;
- 5) санитарлық-қорғау аймағының жасыл белдеуін күтіп ұстауға және олардың орындалуын бақылау жұмыстарын (қызметтерін) мемлекеттік сатып алуға конкурс ұйымдастыру және өткізу, шарттар жасасу кіреді.

61. Астана қаласының санитарлық-қорғау аймағының жасыл белдеуі жасыл желектерін күзетуді, қорғауды және күтіп ұстауды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және мыналарға шығындар қарастырылады:

- 1) жасыл желектерді өрттен, өз еркімен кесуден және өзге де бұзушылықтардан күзетуге;

- 2) жасыл желектерді зиянкестерден және аурулардан қорғауға;
- 3) жасыл желектерді күтіп ұстау, орман жүргізуге және ағаш өсіруге;
- 4) жасыл желектердің өртке қарсы құрылғыларына;
- 5) орман жүргізуді және ағаш өсіруді күзету, қорғау саласындағы жобалау-іздістіру жұмыстарына;
- 6) күтіп кесу және санитарлық кесу жүргізуге;
- 7) орман жүргізуге және ағаш өсіруді күзетуге, қорғауға күрделі салымға.

62. Астана қаласының санитарлық-қорғау аймағының жасыл белдеуі аумағында жасыл желектерді күзетуге, қорғауға, күтіп ұстауға байланысты емес жұмыстарды жүргізу экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған жағдайда, Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның келісімімен жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

63. Астана қаласының санитарлық-қорғау аймағының жасыл белдеуі жасыл желектерін қорғауды жүзеге асыру кезінде Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес санитарлық-қорғау аймағында құқық бұзушылықтың алдын-алуға және жолын кесуге;

2) мемлекеттік және құқық қорғау органдарына құқық бұзушылық фактілері бойынша ақпарат жіберуге;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға айқындалған бұзушылықтарды жою бойынша жазбаша нұсқаулықтар беруге міндетті".

10. Көгалдандыру резерві аумағы

Ескерту. Ереже 10-тараумен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

64. Астана қаласын дамытудың Бас жоспарын ескере отырып, жергілікті атқарушы орган объектілерге жасыл желектерді келешекте орналастыру мақсатында жерді резервке қою туралы шешім қабылдайды.

65. Жергілікті атқарушы органмен объектілерге жасыл желектерді келешекте орналастыру мақсатында жерді резервке қою туралы шешім қабылданған жерде, жасыл желектер объектілерін орналастыру үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады.

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Түгендеуді орындайтын ұйымның атауы _____

Түгендеу нөмірі _____

Есепке алу объектісінің ПАСПОРТЫ

Объектінің атауы _____

классификациялық коды _____

(жерлердің функционалды тағайындалуы бойынша)

Әкімшілік-аумақтық қажеттілік

_____ (әкімшілік ауданның коды)

Жауапты иесі _____

Қала құрылысы қызметін қорғау және пайдалану тәртібі, басқару тәртібі _____

Келісілді: Келісілді: Келісілді:

Сәулет Жауапты жасыл желектерді қорғау басқармасы иесі жөніндегі уәкілетті орган

_____ 20__ жылғы " __ " _____ 20__ жылғы " __ " _____ 20__ жылғы " __ " _____

Есепке алу объектісінің паспортына қосымша:

Ахуалдық жоспар (Астана қаласында есепке алу объектісінің орналасқан жері)

Есепке алу объектісінің түгендеу жоспары (дендрожоспар)

M1:500; M1:1000

Есепке алу объектісінің ағаш отырғызу жоспары (түгендеу жоспары)

M1:2000; M1:10000

Жасыл екпелердің түптерін қайта есептеу ведомосты

Түгендеуді орындайтын ұйымның тізімі

Астана қаласындағы жасыл желектерді
қорғау және күтіп-баптау Ережелеріне
2-қосымша

1 қаңтар _____ жылға Астана қаласы жасыл желектерінің тізімдемесі

Жасыл желектердің объектілерінің (учаскелерінің) ауданының жер санаттарына, өсімдіктердің түрлеріне және қызметтік мақсаты бойынша бөлінуі

Астана қаласы
Әкімшілік аудан: (коды)
Жауапты иеленуші:
Жасыл желектердің тізімдемесі
1 парақ

Рет.|Жасыл|Жік.|Жасыл |Саябақ түріндегі жасыл желектер
тік |желек|теу |желек.|-----
саны|об. |коды|тердің|Сүректі өсімдіктер, кбм. |Бұталық
объ.|ък. | |га/да.|га/дана |өсімдіктер
екті|тіле. | |на, | |
төл.|рінің | |(ағаш.|-----
кұ. |учас. | |тар, |Да. |Топ.|Мас.|Сая.|Бар.|Да.|Ек. |Қа. |Бар.
жа. |кесі. | |бұта. |ра |тар,|сив.|жол.|лығы|ра |пе |тар. |лығы
ты. |нің) | |лар) |ағаш.|гүл.|тер,|дар,|га/ | |шар.|лап |га/
ның |ата. | |объект.тар |бақ.|шоқ |қа. |дана| |бақ.|отыр.|дана
тү. |уы, | |тіле. | |тар |то. |тар. | | |тар |ғы. |
де. |Жер. | |рінің | | |ғай.|лар | | |зу |
ген.|дің | |(учас. | |лар, | | | | | |
ме |қыз. | |келе. | | |бақ. | | | | | |
нө. |мет. | |рінің) | |тар | | | | | |
мірі|тік | |ауданы| | |га | | | | | |
мақ.		га									
саты,											
мақ.											
саты.											
ның											
тұр.											
пат.											
тық											
тобы											

А Б В 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Жасыл желектердің тізімдемесі
1 парақ

Ашық алаңдар |Сая. |Орман, табиғи
-----|бак |түріндегі
Гүлбақтар, га |Гүлзарлар, |тү. |өсімдіктер
|га |рін. |-----
-----|-----|дегі |Та. |Мә. |табиғи
бір |көп.|ара.|кон.|бар.|пар.|кә. |то.|бар.|өсім.|би. |де. |
жыл.|жыл.|лас |тей.|лығы|тер.|дім.|пы.|лығы|дік. |ғи |ни |
дық |дық | |нер. | |лік |гі |рақ| |тер |жә. |да. |
	лі			үс.		бар.	не	қыл.
				ті		лығы	ара.	дар
					лас			
					түр.			
					дегі			
					көп.			
					жыл.			
					дық			
					ағаш.			
					тар			

11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23

Астана қаласындағы жасыл
отырғызғыларды күтіп ұстау мен
қорғау 2004 жылғы 30 наурыздағы
№ 29/6-III қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының
2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он
күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Жасыл желектерді тексеру
АКТИСІ

20__ жылғы " __ " _____

Біз қол қоюшылар _____

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы

(лауазымы, аты-жөні, органның атауы)

Мына мекен-жайда _____ орналасқан
_____ жататын
_____ объектісі

бойынша

Төмендегілерді белгіледі: _____

Осы акт ___ данада жасалды.

Ескерту: тексеру актісі жасыл желектерді бұзуға немесе көшіруге құқық беретін құжат болып табылмайды.

Тапсырыс берушінің өкілі алды _____

(қолы) (аты-жөні)

Жасыл желектерді қорғау _____

жөніндегі уәкілетті органның (қолы) (аты-жөні)

лауазымды тұлғасы

Астана қаласындағы жасыл
отырғызғыларды күтіп ұстау мен
қорғау 2004 жылғы 30 наурыздағы
№ 29/6-III қағидаларына
4-қосымша

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының
2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он
күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

**Жасыл желектерді қорғау
жөніндегі уәкілетті органның
бастығы бекітеді**

20 ___ жылғы " ___ " _____

**Жасыл желектерді бұзуға, қайта отырғызуға
№ РҰҚСАТ**

Біз қол қоюшылар _____

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы

(лауазымы, аты-жөні, органның атауы)

Мына мекен жайда _____

орналасқан

_____ жататын

_____ объектісі

_____ бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

Уәкілетті орган (толық атауы) жасыл желектердің жағдайын ескеріп, зерттеу актісіне сәйкес жасыл желектердің бұзылуы мен қайта отырғызылуын келіседі:

"- ағаш-бұта отырғызғыларының нақты (сапасын, сандық) жағдайын келісу".

Рұқсаттың әрекет ету мерзімі _____

_____ байланысты жасыл желектерді бұзу жүргізіледі.

Сонымен қатар, бірінші басшыға мынадай талаптарды орындау ұйғарылады:

1. Жасыл желектерді қорғау, ұстау және сақтау жөніндегі іс-шаралардың толық кешенін өткізу.
2. Тапсырыс беруші жазбаша тәртіпте Уәкілетті органға орындалған жұмыс туралы, рұқсаттың әрекет ету мерзімінің аяқталуы жөнінде есеп беру қажет.

Тапсырыс берушінің өкілі алды _____

(қолы) (аты-жөні)

Жасыл желектерді қорғау

жөніндегі уәкілетті органның

лауазымды тұлғасы _____

(қолы) (аты-жөні)

Астана қаласындағы жасыл желектерді
қорғау және күтіп-баптау Ережелеріне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Астана қаласындағы жасыл желектерді
қорғау және күтіп-баптау Ережелеріне
6-қосымша

Ағаштар және бұталардың қайта санау тізімдемесі

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 256/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

— Рет.|Тұ. |Саны (дана) |Диа.|Жасы |Би.|Жа. |Тұжырымдама |Отырғызы-
тік |қым.|-----|мет. |(жыл)|ік. |сыл | |латын
саны|дар |ағаш. |бұта. |рі, | |ті.|же. | |жасыл
|ата.|тардың|лардың |см. | |гі |лек. | |желектер
|уы | | | | |(м)|тер. | |саны мен
| | | | | |дің | |түрлік
| | | | | |жай-| |құрамы
					күй.	
					інің	
					си.	
					пат.	
					та.	
					масы	

— 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

—

—

—

Мамандандырылған мекеменің дендрологы _____

М.О.

Уәкілетті органның өкілі _____

Күні _____

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.29 № 465/65-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Жасыл желектердің орнығуын тексеру АКТІСІ

Мына мекен-жай бойынша:

(объектінің атауы)

20__ жылғы _____ комиссия құрамы:

ағаштар мен бұталардың орнығуына мына мекен-жайдағы гүлзарларды жағдайына тексеру жүргізді:

көгалдандыру жұмыстарының уақыты (көктем, күз, қыс)

20__ жылғы _____.

Мыналар белгіленді: _____

Көгалдандыру удың құрамдас бөліктерінің объектілері	Ағаштар, бұталар отырғызылды (саны, дана)	Гүлзарлар құрастырылды (ш.м.)	Орнықпаған ағаштар мен бұталардың саны (дана)	Сапасы қанағаттандырылмаған гүлзарлардың саны (ш.м.)	Құлағандар %
ағаштар					
бұталар					
гүлзар					

Ағаштардың орнығуы (100% - % құлағандар) _____ % тең.
(ашып жазу керек)

Бұталардың орнығуы (100% - % құлағандар) _____ % тең.
(ашып жазу керек)

Түгенделетін ағаштар мен бұталардың жалпы жағдайлары: _____

Түгенделетін гүлзарлардың жалпы жағдайлары: _____

Комиссия құрамы: _____

1. Жасыл желектерді қорғау жөніндегі уәкілетті органның өкілі _____
2. Тапсырыс берушінің өкілі _____
3. Мердігердің өкілі _____
4. Теңгерім ұстаушының өкілі _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК